

**Ш.А. Шортанбай** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: shokhan.shortanbaev@gmail.com

### «КЕЛМЕС КҮНДЕР ЕЛЕСІ» РОМАН-ЭССЕСІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ әдебиетіндегі эссе жанры кеңес дәуіріндегі әдебиетте көп көріне қоймағаны белгілі. Тәуелсіздік тұсында бұл жанрдың аясында авторлардың өздері куә болған кеңестік кеңістіктегі оқиғалар, көріністер кеңірек баяндалды. Қаламгерлер ойды көркемдік шындық аясында сараптап жеткізетін эссе жанрының ұтымды тұсын тиімді тәсіл ретінде қолданды.

Мақалада роман мен эссенің байланысынан, өзара тұтасуынан туған көрнекті қаламгер Қалихан Ысқақтың «Келмес күндер елесі» атты екі кітаптан тұратын роман-эссесі нақты талданады. Роман-эссені ұлттық әдебиеттану негізінде саралап, өзіндік ерекшелігін, поэтикалық құрылымын айқындайды.

Роман-эсседе автордың көрген-білгені, естіген-түйсінгені, көзқарас пайымдары мен толғаныс-толғаулары кестелі тілмен, жатық стильмен өрнектелгені талданады. Мақалаға Қалихан Ысқақтың өзі жайлы, заманы жайлы, замандастары туралы, өскен ортасы мен туған өңірінің азаматтары хақындағы естеліктері мен есіндегілері жинақталып, деректі, шежірелі, көркем туындыға айналғаны жан-жақты арқау болған. Қаламгердің роман-эссесіне көркем тіл, поэтикалық баяндау, жатық стиль тән екендігі тұжырымдалады.

Қорытынды бөлімінде Қалихан Ысқақтың «Келмес күндер елесі» атты роман-эссесінің қазақ әдебиетін көркемдік, жанрлық, тақырыптық, деректік, танымдық тұрғыдан байытқан құнды дүние екендігіне тоқталады.

**Түйін сөздер:** роман-эссе, поэтика, образ, жанр, портрет, стиль, жазушы.

Sh.A. Shortanbay

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
e-mail: shokhan.shortanbaev@gmail.com

#### Features of the novel- essay “The phantom of the days that has not come”

It is known that one of the genres of Kazakh literature, essays, appeared infrequently in the literature of the Soviet era. During the period of independence, within the framework of this genre, events and scenes in the Soviet space were described in detail, by the authors. Writers have used the rational side of the essay genre as a powerful way to analyze an idea in the context of artistic reality.

The article analyzes a novel-essay from two books, which is the result of the relationship between the novel and the essay by the outstanding writer Kalikhan Yskak. He defines the features and poetic structure of the essay novel based on native literary criticism.

The essay novel analyzes how the author writes very eloquently and with a peculiar style about the events he witnessed, as well as about his views and thoughts. Memoirs of Kalikhan Yskak about himself, about his time, about his contemporaries, about the environment in which he grew up, as well as the memories of the inhabitants of his native land, which were collected to create a wonderful piece of art, served as the basis for writing the article. It is argued that the novel-essay of the writer is distinguished by artistic language, poetic narration and a peculiar style.

The concluding part says that the novel-essay of Kalikhan Yskak “The Ghost of the Days that Has Not Come” is a valuable work that has enriched Kazakh literature in artistic, genre, thematic, documentary and cognitive terms.

**Key words:** novel-essay, poetics, image, genre, portrait, style, writer.

Ш.А. Шортанбай

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы  
e-mail: shokhan.shortanbaev@gmail.com

### Особенности романа-эссе «Призрак ненаступивших дней»

Известно, что один из жанров казахской литературы, как эссе, в литературе советской эпохи проявлялся нечасто. В период независимости в рамках этого жанра были подробно описаны события и сцены на советском пространстве, свидетелями которых стали и сами авторы. Писатели использовали рациональную сторону жанра эссе как действенный способ анализа идеи в контексте художественной реальности.

В статье анализируется роман-эссе из двух книг, ставший результатом взаимосвязи романа и эссе, выдающегося писателя Калихана Искака. Он определяет особенности и поэтическую структуру романа-эссе на основе отечественной литературной критики.

В романе-эссе анализируется то, как автор очень красноречиво и со своеобразным стилем пишет о тех событиях, свидетелем которых он стал, а также о своих взглядах и мыслях. Мемуары и воспоминания Калихана Искака о себе, о своем времени, о современниках, о среде, в которой он вырос, а также воспоминания жителей его родного края, которые были собраны для создания прекрасного художественного произведения послужили основой для написания статьи. Утверждается, что роман-эссе писателя отличается художественным языком, поэтическим повествованием и своеобразным стилем.

В заключительной части говорится о том, что роман-эссе Калихана Искака «Призрак ненаступивших дней» – ценное произведение, обогатившее казахскую литературу в художественном, жанровом, тематическом, документальном и познавательном отношении.

**Ключевые слова:** роман-эссе, поэтика, образ, жанр, портрет, стиль, писатель.

## Кіріспе

Қазақ әдебиетіндегі эссе жанры кеңес дәуіріндегі әдебиетте көп көріне қоймағанмен, тәуелсіздік тұсында бұл жанрдың бағы жанғаны анық. Соның ішінде роман-эссе жанрында жазылған туындылар да баршылық. Мемуарлық әрі эсселік сипаты қатар көрінетін Әзілхан Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім», Қабдеш Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние», Мұхтар Мағауиннің «Мен», Қалихан Ысқақтың «Келмес күндер елесі» сынды туындыларын жатқызуға болады. Бұл романдарда авторлардың өзі куә болған кеңестік кеңістіктегі оқиғалар, көріністер кеңірек баяндалған. «Бұлардың әрқайсысы бір алдыңғы қатарлы шығарма болып табылмағанымен, белгілі бір дәрежеде әдебиетімізге келіп қосылған соны ізденістердің нышаны екендігін, жаңа сапаға ие бола бастаған қазақ әдебиетінің кезекті көркем көрінісі екендігімен санау керек» (Қазақ романы, 2009: 556).

Қаламгерлер ойды көркемдік шындық аясында сараптап жеткізетін ұтымды тұсын тиімді тәсіл ретінде қолданған. «Эссеист – ешқандай дайындықсыз, ештеңемен қаруланбаған, сондықтан да қамсыз автор» (Эйнштейн, 1988: 348). Ал Эдмунд Госсес «Эссе – шағын көлемдегі прозаға

жататын және автордың аталған тақырыпқа көзқарасын білдіретін шығарма» (Липина, 1990: 37), – деп өз пікірін алға тартады. Ал әдеби эссенің түрлеріне қатысты америкалық ғалым Реймонд М. Олден: «Афористикалық, жеке, формальды және сыни немесе дидактикалық» – деп тұжырымдайды (Раймонд, 194: 506-515). Ұлттық әдеби дәстүрімізден нәр алған, роман мен эссенің байланысынан, өзара тұтасуынан туған, жаңаша пайымдауға негізделген бұл жанрды ұлттық әдебиеттану негізінде зерделеу қажеттігі айқын нәрсе. Оның қазақ роман жанрына қосқан үлесін екшеу, өзіндік ерекшелігін айқындау, поэтикалық құрылымын саралау да аса қажет.

## Талдау

Қазіргі әдебиеттегі роман-эссе жанрын көрнекті қаламгер, көркем сөздің хас шебері Қалихан Ысқақтың 2013 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрген «Келмес күндер елесі» атты екі кітаптан тұратын туындысын нақты талдау барысында өзіндік ерекшелігін айқындауға тырыстық. Белгілі әдебиеттанушы ғалым Бақытжан Майтанов роман-эссе жанрындағы автор-баяндаушының рөлін, жазушы-автордың өзіне ғана тән субъективті ойларын зерделей келе: «Эссенің жанрлық мүмкіндіктері

қолға ұстататын кілт – еркіндік. Авторлық баяндау еркіндігі. Бұл дегеніңіз – әр түрлі параметрлерге ұя тебетін уақыт пен кеңістік межелерін тиісінше сапырылыстыру арқылы сюжеттік-композициялық тың бітім қалыптастыру» (Қабдолов оқулары, 2010: 22), – дейді. Эссені жанрлық тұрғыдан талдағанда, профессор Дандай Ысқақұлы эссенің әдебиет саласының ерекше бір көркем жанры екендігін айта келіп, мынадай анықтама береді: «Эссе жанры – ғылымтанымдық талдаулардан гөрі автордың өзіндік әсерлері мен шығармашылық тәжірибелерінен тұратын көсемсөздің бір түрі» (Ысқақұлы, 1999: 56). Ал әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор С. Негимов: «Эссе сипатында туған туындылардыларға батыл айтылған болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар тән» (Әдебиеттану. Терминдер сөздігі, 1998: 378) – деген пікір білдіреді.

Кітаптың «Атажұрт» деп аталатын алғашқы тарауында автор туған жер, өскен орта туралы ойларын арыдан сабақтап, атажұрт, атамекеннің көнеден жеткен күмбіріне құлақ тігеді. Отыкеннің өткені жайлы, тарихтағы орны хақында, туған өлкесінің кешегі тағдыры, бүгінгі өмірі туралы ой толғайды.

Ел аузында Өр Алтай, төр Алтай, қарт Алтай, кенді Алтай атауларымен танымал болған қасиетті Алтайдың ежелгі тарихы бүкіл түркі тайпасының басын біріктірген түпқазығы Отыкеннен бастау алса, бүгінгі алтын көмбесі еліміздің шығысындағы Алтай өңірімен, өзенкөлдерімен, тәңірсуының өзіндей Рахман қайнарымен, жер жәннатындай болған Ақсумен ұштасып, жалғасып жатыр.

Тарихтан сыр суыртпақтасақ, Аттиланьң (Еділдің) жауларына қарсы осы Алтайдан аттанғанын, Ашбөріхан мен Ботпайдың Балқанға жорығын осы арада бастағанын, Шыңғыс қағанның жорығына дем берген де осы өңір екенін айтады. Қазақ жері – түркі халықтарының тарихи атамекені, ал түркі әлемінің, түркі жұртының тарих сахнасына шыққан жері – Алтай. Түркі жұртының Алтайдан тарағанын, Ергенекөннің негізі Алтайда қаланғанын, ал бүгінгі түркі ұрпағы бірнеше мемлекетті қоныстанғаны, бұтағын кеңге жайғаны белгілі, олардың атажұрты ретінде Алтайға құрметі бөлек, түпқазығы, тамыры деп танитыны да ақиқат.

Ал Қалихан Ысқақ роман-эссесінде көне түркі дүниесінің кіндікжұрты, арғы-бергі тарихындағы өшпес орны бар алтын қазығы Отыкен

екенін, ежелгі Отыкеннің кейінгі Алтаймен етене байланыстылығын елеп-ескеретін уақыттың жеткенін қайыра бір қаперімізге салады. Отыкен – оты кен, байлығы шексіз, кенді өңір деген мағына береді. Автор сол байлықтың иесі, сол киелі жұрттың бүгінгі өнімі біздер екенімізді, бүгінгі тарихымыздың көне қатпарлары талай сырды бүгіп жатқанын, оны айқындау, аршып-анықтаудың, ұрпақ санасына сіңіріп, тарих ақтаңдағын айқындаудың өте-мөте қажеттілігін арнайы атап өткен.

Ұлы түркінің жұрт-жұрағаты саналатын Отыкеннің басынан не өтпеді? Ерте замандарда Ергенектіге жиналып, түркінің атамекеніне, анажұртына айналған Алтайдың шерменде көңілін кім тарқатады, шерлі тарихын кім түгендейді? Қатынқарағайды – қара орманым, Алтайды – атамекенім, Отыкенді – Отаным деп танудағы, танытудағы мақсат не? Аңғарғанымыз, топырағын кешіп, суын ішіп, ауасын жұтқан Алтайды жырлауы тек туған жері болғандығы үшін ғана емес, күллі ұлтының, жұртының тәу етер Тәңір-құты, қасиетті, құйқалы төрі, шерлі, шежірелі тарихының, қилы тағдырының бастау алар, тоқайласар тұсы екенін меңзеу.

Сол арқылы ел мен жердің тарихына табан тірету, өткен замандардан сыр шертетін Отыкен мен бүгінгі мемлекеттілігіміздің мызғымас дәлелі мен айнымас серті болған осы жердің, өлкенің өзара байланысын, үзілмес тарихи сабақтастығын, рухани құндылығын санамызда қайта жаңғырту.

Сол Отыкеннің отты, құнарлы жері оталып, жерінің ту-тулақайы шығып, елі, жұрты сан мәрте үркіншілікке ұшырап, небір қилы тағдырды бастан кешкенін білеміз. Аттила атының дүбірін, түркі-монғол текетіресін, қалмақ-жоңғар шапқыншылығын басынан өткерді. Ресей мен Қытайдың қыспағын көрді. Тевкелевтің елді тұншықтыру тәсілін, Анненковтың әлегін, өткен ғасыр басындағы талай зұлматты да көргенін білеміз. Отыкеннің өзегі саналатын Шабанбайдан айрылып, Қаратайдың үрім-бұтағы ұлардай шулап, азып-тозып, аман қалғаны кешегі кеңестік кезеңнің зобалаңына ұшырағаны да көз алдында. Отыкеннің отын күзетемін, елді, жерді қорғаймын деп қаншама есіл ер шейіт болды екен?! Сол тарих Қабанбай шыққан қайқы, Бөгенбай асқан асу, көкжал Барақтың табаны тиген тар өткел, Әбдікерім болыстың елді ағартушылыққа үгіттеген мектебі, Сұлтанмахмұттың пана тапқан, бала оқытқан отауы, Оралханның балалық шағы өткен ағаш үйі болып сыр шертеді, «өткен күнде белгі

көп» екенін аңғартады. Міне, шерлі тарихтың, шежірелі уақыттың куәсі болған Отыкеннің бүгінгі күйі, талай мәрте алағай да бұлағай тағдыр кешкен Алтайдың мыңжылдықтар тоғысындағы бүгінгі хәлі қандайлық күйде? «–әй, Қалихан, бұдан былай түк жазбай кетсең де, ризамыз. Енді мына елге қара, – деді менің боқмұрын замандастарымның бірі. – Ел тозып кетті ғой, не қайраның бар?»

Менде не қайран болсын. Енді не істеу керек» (Ысқақ, 2013: 83).

Туған өлкенің талайлы тағдыры санасында жаңғырған жазушының жан айқайын кім тыңдамақ? Кім естімек? «Келмес күндер елесін» оқу барысында ел мен жер, өңір мен өмір, тіл мен тарих, қаламдастар мен замандастар, ұлт тарихы мен ұрпақ тағдыры жайындағы автордың әр алуан, сан қатпарлы ой-толғаныстарына қанығамыз, кермек дәмді балалық шағының, соғыстан кейінгі кезеңдегі қиын өмірінің, кеңестік дәуірдегі әдеби ортада өткен саналы ғұмырының өкініші мен үмітіне, ұмытылмас сәттері мен қимас күндеріне куә боламыз. Елдік мүдде, ұлттық рух мәселесі, әдебиет, мәдениет, руханият тақырыбы, ұлттық экономика мен экология ахуалы, бүгінгі ұлт мінезі мен болашақ ұрпақ тағдыры, міне, бәрі дерлік қаламгер қамтыған, қаламынан, назарынан тыс қалмаған жайттар. Осының бәрі қаламгердің кестелі тілімен, бейнелі ой оралымдарымен, қазақи баяндау тәсілімен астасып, көркем, құнды дүниеге айналған.

Жазушының қай шығармасы болмасын ондағы кейіпкерлер өмірде бар, болған немесе сол өңірдің тумалары болып келетіні жасырын емес. Автор өзі көрген, куә болған, көңілінен өткізген күндерді, өзі араласқан, таныған, бір дәуірді бірге бастап, бірге өткерген қарапайым тіршілік иелерінің қилы тағдырын көркем шығармаларына арқау етіп отыратынын білеміз. Эссе жанрының негізін салушылардың бірі Мишель де Монтень: «Кітабымның мазмұны – мен өзіммін» (Монтень, 1991: 656), – дейді. Эссенің метафоралық бейнелі тілі шындық болмыстағы бейнелерді жинақтаушы түрінде көрсетіп, шамадан тыс үлкен қызмет атқарады (Эссе, 1978: 215-216).

Ал осынау роман-эссесінде автормен бірге, кейде қоян-қолтық, етене жақындасып, сол келмес күндеріне, қимас шақтарына сондағы кейіпкерлермен біте қайнасып, мидай араласып, бірде балалық балдәуреніне, енді бірде есейген шақтағы бұла өміріне бірге сапар шегеміз. Автормен бірге Алтайды аралаймыз.

Күлмес өзенін кешіп өтіп, Бүркіттің шыңына көз тігіп, Топқайыңның шаңын қағып, Қоңқайдың төбесіне шығып, туған жердің өткеніне ораламыз, бүгінгіне алаңдаймыз, болашағына қиялмен шарлаймыз. Сол өңірдің тұрғындарымен танысу, табысу барысында әркім қиялмен өз өңірін шарлайтыны анық. «Әдеттегі ыңғаймен келетін сюжеттің орнына көркемдік мекеншақ (хронотоп) орайында алмасып, не жапсарласып, не қабаттасып отыратын ілгерінді-кейінді үзілімдер монтажды композиция құрылымына тән архитектуроника арқылы толымды ажарын табады. Қашаннан бері жағаласып қалмайтын тартыста қалыптағы кескінінен айрылып, кейіпкерлер арасында ұзаққа созылатын тұрақты қарым-қатынастың орнына өтпелі, ықшам сипаттағы дара мекеншақтардың ішіндегі психологиялық әлем суреті мүсінделіп шығады. Сана ағымы салтанат құрып, идея көрінбес жіптің бойымен неше алуан түйінге жіктеледі» (Қабдолов оқулары, 2010: 23).

Алтай аясындағы қым-қуыт өмір, Топқайың тұрғындарына тән тыныс-тіршілік, өңір тұрғындарының өмірден түйгені мен үйренгендері, біздің де яғни, оқырманның да өмірінде өтіп жатқандай, өгейсімей қараймыз. Өзімізше түсініп, саралаймыз. Бір қиырдағы ауылдың, ауданның мәселесін айтып жатқандай көрінгенмен, астарына үңілсек, мұқым қазақтың аймағын, барша қазақтың тағдырын көз алдыға әкеледі. Ұлт ретінде ұтқанымыз қайсы, ұтылғанымыз не? Қазақтың қасіреті аз ба еді? Тарихымызға үңілсек, мұңаятын сәтіміз көп сияқты. Алда қандай заман бар? Болашақта не күтіп тұр?..

«Өткен күндердің бәрін армандай деп сағынып жүрсем, ол да әншейін қиялға семірген баланың алаңсыз шағы екен. Қазірде есіме алып отырсам, көргенімнің бәрі көңіл жұбатар қуанышы жоқ, үміті кем, үрейге толы өңшең бір лекер тірлік секілді. Әлде өмірдің қуанышы тез ұмытылып, қасіреті көкейге шер болып қатып қала ма, сол шер есейген сайын қордаланып, запыранданып, адамның заманға деген наласы тәубашылдығын тұншықтырып, тек қыжылын ғана сапыра ма?..» (Ысқақ, 2013: 195-196).

Автордың ой-толғамдарының дүниетанымдық сипаты кең, ойлау жүйесі пәлсапалық түйін-тұжырыммен ұласып жататын тұстары да аз емес. Мәселен, жоғарыда біз келтірген сілтемедегі ой аңғары Абайдың жиырма үшінші қара сөзімен үндесетіні айта кетуге болады. «Біздің қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш дегендер бар. Оның қуанышы –

елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса, қуанады. Айтады: құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе? – деп. Енді жұбанышы – жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көппен көрген ұлы той, көппен бірге болсақ болады да деген сөзді жұбаныш қылады. Қаламгердің ой-толғамдарын оқи отырып, қолымыздағы естелік-эссенің кейінгі ұрпаққа да айтары мол, берер тағылымы тұщымды екенін аңғарамыз. Болашақ ұрпақ тағдырына, оның келешегіне алаңдайтын қаламгердің ой-көзқарасынан ұлттың жүріп өткен өмір жолына бей-жай қарамай, сабақ алуымызды, тағдырдың сыйын дер кезінде бағалауды үйренуімізді, ұрпақ тәрбиелеудегі сабақтастықты, ұлт дүниесін түгендеудегі жауапкершілікті барынша сезінуді аңғартатынын байқаймыз. Қай заманда да бір кем дүниенің барын аңғарып, содан сабақ алып, кемді толтырудың, жоқты түгендеудің, барды қанағат етудің парқына үңілудің, үйренудің қажет екенін түсінеміз. Роман эссенің «Әулет және Әлеумет» деп аталатын екінші тарауы 51 бөлімнен тұрады. Автордың көрген-білгені, естіген-түйсінгені, көзқарас пайымдары мен толғаныс-толғаулары кестелі тілмен, жатық стильмен өрнектеліп, замана жайлы, замандастары туралы, өскен ортасы мен әулеті, өскен өңірінің қимас жандары мен атпал азаматтары хақындағы естеліктері мен есіндегілері жинақталып, деректі, шежірелі, көркем туындыға айналған. Әдеби эсседе «тұспалдау мен ұсыныстың болмауы, айтар ойын ашық әрі айқын айтуы (Writing an essay, 1998: 232-233) да маңызды мәселелердің қатарына жатады.

Қос томдықтың басым, негізгі бөлігін құрайтын тұсы да осы тарауға арқау болған. Негізінен, кеңестік кеңістіктегі өмір белестері тарата айтылғанмен, автордың ширақ қаламы, жүрдек ойы, қағілез түйсігі уақыт шекарасынан асып арғы-бергіні шарлап жатады. Бүгінгі өмірді айтып отырып, өткен күндермен әдемі жымдастырып, сабақтастыруы, кеңестік кезеңнің кісі қызығарлық тұстары мен ұлттық, дүниетаныммен үйлесе бермейтін жайттарына да сыни көзқараспен қарап, тәуелсіздік биігінен баяндауға деген қарекеті де шынайы шыққан. Ел мен жердің тарихын түгендеуге өре керек, ел мен жердің тағдырына алаңдауға биік парасат қажет, ауылдың мәселесін, қажетін, замандастың білік-парасатын, қаламгерлердің азаматтық тұлғасын білу, сезу, тану үшін ұлтжанды болу

аздық етеді, парасатты болумен ғана шектелмек емес, сонымен бірге, кеңірек көзі ояу, туған жерге деген сүйіспеншілік, замандасың мен қаламдасыңа деген қалтқысыз көңіл, адал жүрек те қажет секілді. Қалихан Ысқақовтың бойынан да, ойынан да табылар осынау қасиеттер шығармаларының шынайылығына шек келтірмейді. Өмірдің тезінен өткен, шындықтың, ақиқаттың мәселесін көтерген, уақыттың бедерінде өзіндік өрнек қалдырған дүниелер ғана автор зердесінде екшеліп, қаламгер танымында жүйеленіп, азаматтық ұстанымында шындалып барып, оқырманын тапқанына шын иланасың, сенімнің сетінемейді. Мұның бәрін қаламгердің, тарихтан сыр суыртпақтаған тұсынан да, өзіне етене таныс дәуір дүрбелеңінен түйін-тұжырым жасағанын да, ауылдастарының аңғал, бейқам тіршілігіне алаңдағанын да, қаламдас замандастарының, өнерге құрметін, өмірге қыжылын анық аңғартқанынан да айқын байқаймыз. Сайып келгенде, өткен-кеткенді, көрген-білгенді тізіп шығу жеткіліксіз екенін аңғарамыз. «Бір жазушы, айталық адам мінезін қимыл-әрекет үстінде танытуға бейім болса, енді бір жазушы оның көңіл-күйін, сезім-сырын, ой-арманын, әр алуан психологиялық иірімдерін суреттеу арқылы ашуға шебер» (Шәріп, 200: 52).

### Нәтижелер мен талдаулар

Өмір сабақтарынан, тарих парақтарынан тағылым түйю ләзім, өткеннен қорытынды шығару қажет, жіберген қате-кемшіліктен сабақ алуға тиіс екендігімізді қаперге салады. Ұлтқа адал қызмет етудің сан үлгісі сараланып, қоғамға еңбек сіңірудің сан мысалдарын жүйеленген.

Жердің қасиетін білуге ұмтылыс, ердің құнын қадірлеуге қажет құндылық, елдің мүддесін биік қоюға деген қажырлылық та керек екенін қайыра бір ұқтырып, шын түйсінудің азабы мен рақатын алдына тосады.

Жоғарыда кітапта айтылатын, қамтылатын басты дүниелерге назар аудардық. Тағы бір бейнелей айтсақ, қаламгердің өзі өмірге келген өңірдің өмірі және өз өмірінде көрген-түйгені, кездескен тағдырласы, қамқорлығын көрген қолғабысы тиген қаламдастары, сөз өнерінде қатар жүрген, әдебиет, өнер аламынында бәйгеге түскен өнерпаз тағдырлары, өнер мен әдебиеттің өрен жүйріктері деп шартты түрде үлкен екі тақырыпқа топтауымызға болады. Бірін-бірі толықтырып отыратын тақырыптар, біріндегі өмір көрінісі екіншісінен өзектес, өмір шындығы мен өнер шындығының

біте қайнасып, өзара жымдасып, келісті өрнек құрған топтамалар. Бұлай деуіміздің де себебі жоқ емес: автор өмір көріністерін хронология бойынша тізбектемейді. Пендеуи өміріндегі, жазушылық ғұмырындағы ілкі сәттерді, аяулы мезеттерді, қилы шықтарды алма-кезек еске түсіріп, ішкі ой ағымында жүйелеп, санасында сапырылысқан сәттерден, ой-қиялында, жүрек түкпірінде ұялаған қалыптарынан ауытқытып алмай, оқырманына бірін ерте, бірін кеш, бірде ретпен, бірде кезек күтпей, ұсынып жатқандай әсер қалдырады.

Бір оқиғадан келесісіне ауысып, одан кейде шегініс жасау арқылы өткеніне бұрылып, бір мезет алдағы күндермен байланыстыра қарап, оқырманын қызықтыра, құнықтыра отыраудан жаңылыспайды. Осы бір туындыдағы өзіндік желі, автор таңдаған тәсіл ұғымды шыққан. «Ұзақ уақыт пен кеңістік алабын қажетсінетін ахуалдарды қиялмен сығымдап, әралуан бөлшектерге бөліп әрі бұларды жіпсіз жалғастырып, өзара сағалас көріністерге еркіндік пен толымдылық дарытады. Роман-эссе жанрының талаптары орындалады» (Қабдолов оқулары, 2010, 27).

«...Мынау жалған дүниенің жарасымы кеңіп кетті ме, әлде жас ұлғайған соң жадымда қалған елестер шым-шытырық сапырылысып кетті ме, кейінгі кезде көргенім көңілде көп тоқтамайтын болғанымен, мен үш жасымдағы сәбилік шағымды жақсы білемін» (Ысқақ, 2013: 158). Сондағы көргені, есінде қалғаны – Қырмызы анасының этаппен айдалып бара жатқаны, өзінің анасының арқасына таңылып, ақ түтек боранға қарамастан Қырмызы анасымен қоштасуға ала шыққаны. Ел ішін үркіншілік жайлаған кезеңмен тұспа-тұс келген балалық шағы да бұлынғырлау, есінде қалғаны еміс-еміс дүниелер. Мал-мүлкі тәркіленіп, жерден айырылып, күн-көріс қамымен нағашыларын іздеп шыққаны еміс-еміс есте. Есігін ашпаған нағашысынан көңілі қалған бұлардың боранға ұрынғаны, қасқырлардың қамауына ұшырап әрең құтылғаны да анасының айтуымен санасында жаңғырды. Жұлдыз ауылындағы интернаттағы өмірдің көркем тілмен кестеленген тұстары «Қоңыр күз еді» шығармасы арқылы оқырманын тапқанын білеміз. Роман – эсседе айтылар, қамтылар дүниенің біразы сол повеске арқау болғанмен, кітапқа еңбеген, көңілден сөнбеген, жүректен өшпеген тұстарының да бар болатыны күмәнсіз, эссенің оңтайлы жанр екенін, осында бастан өткен дүниелердің біразының басын қайыруға мүмкіндігі мол екенін қаламгер де назардан тыс қалдырмайды

Туғалы үйінен ұзақ шықпаған Қалихан үшін үлкен өмірге қадам жасаудағы алғашқы баспалдақ, өмір сатысы міндетін атқарған интернаттың орны бөлек орта екені, тәжірибе, білім игерудегі, өмірге өзіндік көзқарас қалыптастырудағы маңызы ерекше өмір мектебі болғандығы даусыз.

«...Сабақтан соң күн сайын Қоңқайдың төбесіне шығу маған бір дағды болды. Қоңқайдың төбесіне шыққан сайын елге барып қайтқандай мұңым ортайып, сергіп қаламын» (Ысқақ, 2013: 182). Иә, Топқайыңдағы Қоңқайын Жұлдыз ауылындағы Қоңқайға айырбастаған Қалиханның бөтен елге, бөгде жұртқа үйренісе алмай, үйін сағынатыны, бала қиялмен ойдағыны, көктегіні шалатыны көз алдымызға шынайы елестейді. Туған жердің қадірін білуді, оған деген сағынышты бала Қалиханмен бірге кешегіміз де жасырын емес.

«Менің көз алдымда өз ауылымның тіршілігі өтіп жатты тізбектеліп. Жақсы-жаманы бар, жас-кәрісі бар, қарекетімен, өз табиғатымен, бейпіл де нәзік, тентек те момын, жасық та адуын адамдар, ұлы-кішісі бар мол тіршіліктің ортасына түсіп кеттім. Мен өзімді өзім ұмыттым» (Ысқақ, 2004: 30).

Бірте-бірте, уақыт өте келе үйреніскен ортасы өзгеше әлем екенін түсінді. Ортаға бейімделудің, өмір сүруге икемделудің сырына қанықты. Шәкіртке білім нәрін, бәрін берген ұстазды көрді. Дос болудың, достықтың қадірін түсінуге талпынды. Жақсы көру дегеннің сезімнің, ұнату деген дүниенің ғажайыбын сезінді. Әдебиет деген әлемнің бар екенін түсініп қана қоймай, түйсінуге ұмтылды. Қайырымды, мейірімді жанның әр ауылда бар екеніне көзі жетті. Қараулық пен қатыгездіктің, аярлық пен аяушылықтың қай жерде де қылаң беретініне көзі жетті. Өмір сырын ертерек ұғуға, өмірге деген дүниетанымын өзінше қалыптастыруға интернаттағы өзгеше әлемнің өзіндік ықпалы болғанын қаламгердің балалықтың ауылына деген сағынышынан аңғардық. Автордың «Қоңыр күз еді» повесіндегі Қасым қиялындағы ой-арманның, бастан кешкен балалық шағының қаламгер Қалиханның балалық шағымен біте қайнасып, мидай араласып, етене сапырылысып жататынын да аңғарамыз. «Мен терезенің алдында отырмын. Ақ жауын толассыз себелеп тұр. Лекіте соққан жел, жөңкіле көшкен бұлт, қалтырап ұшқан жапырақ, шуылдаған мазасыз қарға мен ұзақ – бәрі де менің ауылымды елестетеді. Бір жылдарда қош айтысқан балалық шағымды әкеле жатқандай» (Ысқақ, 2004: 48).

Алпысыншы жылдары әдебиетімізге өзгеше леп, өрнекті ырғақ әкелген лирикалық прозаның дамуына, ондағы сыршылдық пен психологизмнің, ой ағыны мен ішкі иірімнің кең өріс алуына үлес қосқан Қалиханнның Ысқақовтың «Қоңыр күз еді» туындысындағы өзіндік ой орамын, авторлық ұстанымын, «сыршыл және шыншыл байыптауын» жіті аңғарған Зейнолла Қабдолов қаламдас інісінің аяқ алысын, жазу өнеріне адалдығы мен еңбекқорлығын, өзіне ғана тән стилін, сөзді ойната білу қасиетін, сөз қадірін бағалайтын талғампаздығын жазбай танып, сөз додасында сүрінбеуіне тілекші, озып келуіне үмітті екенін бүгіп қалмаған, сыр қылып ақтарған.

«...Қ.Ысқақов өз геройын көріп қана қоймай, онымен кәдімгідей сөйлесетін тәрізді. Бұл – шын суреткерге тән машық. Мынау мектеп директорының сөзіндегі әрбір ырғақ-тыныстан оның қай түрде, қалай сөйлеп отырғанын көзге елестету оқушы үшін де қиын емес. Дәл осы сөз арқылы оның мінезін білу одан да оңай. Демек, диалог өз міндетін атқарып тұр» (Қабдолов, 2013: 149). Автордың поэтикалық ізденісі тіпті шағын ғана диалог құрудағы жаңашылдығынан, шеберлігінен айқын аңғарылатынын аңдап, болашақ суреткер жазушының характер жасаудағы, образ сомдаудағы өзіне тән стильдік ерекшелігін саралаған. Әдебиет зерттеушісі М. Арнауодтың пікіріне сүйенсек, «Образдар ғана суреткерді оятып, оның қызығушылығын туғызады немесе олармен үйлесуге әкеледі, ең жоқ дегенде айрықша сүйіспеншілігін тудырады. Олар қандай да бір қозғаушы күшті иемдене отырып, бұрыннан жат формасыз, шашыраңқы күйде көрініс таба тұрып, өзінше өмір сүру үшін автордың жан-дүниесінен бөлініп шыққысы келеді. Мұндай идеялардың белсенділігі мен суреткердің өзін-өзі ұмытушылығы – оның табиғатындағы эмоционалдық факторлар мен қиялелес дүниесінің әрекеті» (Арнауод, 1970: 5).

Автордың өмір жолында сан соқпақ болғанын білеміз. Талай жақсылардың шарапатын көрді. Өзіне жақсылық жасағаны есте жоқ, бірақ, ағайынға, ауылға, өңірге сыйлы болған, бірі өнегелі ісімен, тәрбиелі қалпымен есте қалса, енді бірінің елге қамқорлығы, ағайынға жанашырлығы ойға оралады. Серғазы, Әбіш, Исабай, Рахым секілді ауыл ақсақалдарын, Бозжігіт, Мырзақожа, Түрленбай, Қасен секілді ел азаматтарын, шәкірт қиялына қанат бітірген Күләш, Асылбек сынды ұстаздарын, тәуелсіздік алған тұстағы ел тізгінін ұстаған Асқар, Сейдолла, Толқын сынды ел ағаларын, олардың қазақи танымын, азаматтық қалпын, ұстаздық қасиетін,

елге қамқорлығы мен іскерлігін ілтипатпен еске алады. Темірбек пен Тоқтасын секілді інілерінің егемендіктің елен-алаңындағы ерен істеріне сүйсінеді. Елге, туған жерге деген адал қызметін, нарық қыспағында қалған жұртын қиындықпен күресуге шыңдағанын жазады.

Әсіресе, «туған жер екі дүниеде де тұрағың» деген тәмсілді мықтап жадына түйген қаламгердің елге деген көңілі, туған жерге деген құрметі қай кезеңде де алабөтен болғанын өзінен де естиміз, ал шығармалары арқылы мұны санамызға сіңдіргені анық. Елге келген сайын, ағайынмен араласқан сайын халықтың басындағы хәлді, жұртының жадағай тірлігін, өңірдің өзекті мәселелерін көрмей қалу, сезбей кету мүмкін емес-ті. Ағайындары демалуға, ем алуға шақырғанмен, күпті көңілдерін, шатқаяқтаған шаруашылығын, ауған-тозған жердің жайын жай нәрсе деп қарамады. Дүйім жұрт сүйсінген өңірдің сілімтігі шыға тоза бастағанына, елдің рухы жүдеп, аза бастағанына көңілі қатты алаңдаулы еді. Аяғы жеткенше барып, аузы жеткенше айтып, елдің мүддесін бәрінен артығырақ ойлайтын Қалихан Ысқақовты елі де аялады, алақанына салды. Шығармашылықпен еркін айналысуға жағдай жасады. Елін аралатуға, тарихы терең тау-тасының қойнауын адақтатып, ел ішінің өмірімен еркін танысуға, таза ауасымен тыныстап, тәңір суының рақатын көруге мүмкіндік жасады. Осы мүмкіндікті, еркіндікті пайдалану бар, сонымен қатар, елдің еңсесін тіктеуге, рухани қажетін өтеуге осы мүмкіндікті құр жібермеу жағы да керек екені түсінікті.

Қаламгердің осы жағдайды тиімді пайдаланып, ел өңірінің көркем шежіресін, көкейкесті мәселелерін, өзекті дүниелерін осынау роман-эссесіне арқау етті. Өмірлік шындығы басым, өңірдің шындығы айқын көрінетін, өткен мен бүгінді салмақтайтын, бүгін мен ертеңді жалғайтын, оқырманын бірде ойлантып, бірде рухтандырып, енді бірде иығына ел аманатын, жауапкершілігін жүктейтін туындының тағылымы да ерек, танытары да бөлек. Біздің ойымызша, роман мен эссе жанрының кірігуі, өзара үндесуі, яғни, «трансформация жанрды байытып қана қоймайды, сонымен қатар жаңалыққа да мүмкіндік береді» (Сұлтан, 2021: 55-61).

Алматыдан оқу бітіріп, туған елге келіп қызметін жалғастырған жамағайыны Әшөктің, Асылбек Исабаевтің жасаған қамқорлығын, азаматтық ұстаздық келбетін сағынышпен еске алады. «Оны қай биікке апарып қойсам да шыққан төбесі аласа сияқты көрінді» (Ысқақ, 2013: 240). Көрші ауылдан келіп оқып, бөтен

ортаға үйренісе алмай, қағажу көрген шағындағы қамқорлығы, жетімдіктің, жалғыздықтың азабын аз да болса жеңілдетіп, киім-кешек, жатын орын алуға көмектескен сәті, мектеп бітіріп, оқуға барар сәттегі, емтихан тапсыру мезетіндегі қайырымдылығы, тіл-әдебиет, журналистикаға жетектеп әкелудегі жанкешті ерлігі, бәрі де көз алдында. Соғыстан кейінгі кезеңдегі қиын уақытта, елде жоғары білімді мамандардың қат кезінде оқуға талабы барларды жинап, жетектеп, үлкен қалалардан білім алуына жағдай, мүмкіндік жасап, шапқылап жүруі еріккеннің ісі сияқты көрінгенімен, солардың жұрт қатарына қосылып, азамат болуына өзіндік үлес қосуы елге жанашыр, ұрпаққа қамқөңіл азаматтың ғана қолынан келетін іс. Сөйтсек, «Топқайыңның ой-санасын жақсы түсініп, бәріне де кешіріммен қарап, кемтігін санамай, жетпегенін жамаймын деген арманды өзіне азық қылған әрі қиялшыл, әрі уайымшыл ұстаз үлкеннен күдер үзбей, кейінгі жас ұрпақты медет тұтқан екен» (Бсқақ, 2013: 242). Озық ойлы азаматтың өзімен теңесер, асып түсер сәтін көрсе қуанатынын тілге тиек етеді. Көргенді, көшелі ісін көп жұрт ұмытпай, үнемі айтып жүретінін еске алады. Араларында қиялилығын бетке басып, кемсітушілер де табылмай қалмағанына налиды. «Санасыздар оны көзі тірісінде-ақ қорлауға тырысқан. Қортық шіркіндер қашанда өзінен зордың жағасынан алуға даяр тұратын әдеті. Андре Моруаның сөзімен айтсақ: «Қызғаныштың қызыл иті өзінің мастығына тойып болмай ындынын тежемейді. Біреулер оны әпенді дейді. Менің жүрегімде ол әулие болып қалды...» (Бсқақ, 2013: 243). Қаламгердің өткенді өкінішпен һәм сағынышпен еске алуын қабылдауың да оңай емес.

Өмірде кездесетін ақылшы, тәлімгер де аз болмауы мүмкін. Ұстаздың сан қилысы бар. Асылбек ұстазы жетектеп әкеліп түсірген университет те білікті басшыдан, талапшыл ұстаздан кенде емес еді. Солардың бірі, бірегейі туралы «көңілімді сағыныш, мұң басқанда менің жанымды жадыратар оның жайдары жүзі. Сонан соң ашы айтсын, тұшы айтсын әр сөзін санап тұрып, тастап-тастап сөйлейтін өлеңге бергісіз мәнерлі тілі, ашуын білдірмейтін, асығысты білмейтін ашық дауысы еді»... (Бсқақ, 2013: 243), – дейді. «Айналайын» деген аяулы сөзін

естіп, емтихан сұрағына берген жауабына қанағаттанып, мейірленіп, батасын берген сәтін, кейінгі өмірінде де шығармашылық қадамына сәттілік тілеп, қол ұшын беріп, қуанып отыратынына әлденеше мәрте куә болса да, көкейімдегі алғысымды айта алмай, алқымыма келген сөзді туралап жеткізудің сәтін таба алмай, ұстаз алдындағы кішірею мен іштей құрметтеуден аса алмай, қиналған сәтін еске алады. Өткеннің өкінішінен, өтіп кеткен уақыттың уайымынан қиын дүние жоқтай көрінетінін жасырмай айтады. Көкейіндегі көп ойды іркіп, дер кезінде айта алмағанына өкінеді. Алайда, ұстаз алдындағы парызын сөз өнеріне деген сүйіспеншілікпен, көркемөнерге деген адалдықпен, тілге, жазуға деген шебер суреткерлікпен, әдебиет әлеміне деген құрметпен ақтағанына, қалың оқырманы куә.

### Қорытынды

Роман-эсседі автордың өзі туып-өскен Алтай өлкесі, оның өткен тарихы мен бүгінгі келбеті, өңірден шығып, есімі күллі елге ұстын болған баһадүрлері мен ғажайып табиғатымен тұтастықта өмір кешіп, бүкіл ғұмырын елмен байланыстырып келе жатқан қарапайым қаһармандар жайында толғаған сырына қанықтық. Бірге оқыған, өскен, әріптес болған замандастарының жанына үңіліп, олардың ағайынға қамқорлығын, әулетке жанашырлығын, ауылға, елге жасаған жақсылығын айтып, өмірдегі адами қалпын, пенделік іс-әрекетін боямсыз, бірақ көркем тілмен, поэтикалық баяндаумен әрлеп, жатық стильмен, айшықты сөзбен бедерленген, айтары мол, астары қалың туындымен таныстық.

«Келмес күндер елесі» роман-эссесі – балалық шақтың кермек дәмінен, естен кетпес оқиғалардан, қимас күндер елесінен, ұлт өмірінің арғы-бергі кезеңінен хабардар ететін, автордың өмірбаян дерегінің молдығы мен дүниетаным арнасының кеңдігін көрсететін, өмір жолындағы кездескен адам тағдырының сан алуандығымен ерекшеленетінін, пенде атаулының кемшіліксіз, қателіксіз болмайтындығын да тағы бір қаперімізге салатын, қазақ әдебиетін көркемдік, жанрлық, тақырыптық, деректік, танымдық тұрғыдан байытқан құнды дүние.



### Әдебиеттер

- Қазақ романы: өткені мен бүгіні: Ұжымдық монография. – Алматы, 2009. – 679 б.
- Эйнштейн М. На перекрестке образа и понятия (Эссеизм в культуре Нового времени) // О литературном развитии XIX-XX веков. – М.: Советский писатель, 1988. – 348 с.
- Липина В.И. Формирование и пути развития жанра эссе в английской литературе в XVII- XVIII вв: автореф ... канд. филол. наук. – М., 1990. – 37 с.
- Raymond M. Alden. Essay The Encyclopedia Americana. In Thirty. – New York; Chicago: by Americana Corporation, 1944. – Vol.10. – 506-515 p.
- III Қабдолов оқулары. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 398 б.
- Ысқақұлы Д. Эссе // Сын жанрлары: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1999. – 237б.
- Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев.-Алматы: Ана тілі, 1998. – 384б.
- Ысқақ Қ. Келмес күндер елесі: роман-эссе. – Алматы: Ана тілі баспасы ЖШС, 2013. Т. 1. – 456 бет.
- Монтень М. Опыты. Избранные главы // Пер. с француз. – М.: Правда, 1991. – 656 с.
- Essay. Meyers neues Lexicon.-Mannheim; Leipzig; Wien; Zurich: Meyers Lexiconvertag, dritter Band, 1978. – 215-216 p.
- Writing an essay. American Word pover Dictionary || edited by Ruth Urbom. – Oxford University press, 1998. – 232-233 p.
- Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея: монография. – Алматы: Білім, 2000. – 336 б.
- Ысқақ Қ. Бей, ақсақ дүние...: Хикаяттар. – Алматы: Раритет, 2004. – 288 б.
- Sultan E. Modern Kazakh novels: the genre transformation. «Keruen» scientific journal. Volume 71. Number 2 (2021). – 55-61 p.
- Қабдолов З. Шығармалары. Т.5: Ғылыми зерттеулер. Әдеби-көркем сын. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 328 б.
- Арнаутов М. Психология литературного творчества. – М.: Прогресс, 1970. – 654 с.

### References

- Adebiettanu. Terminder sozdigi (Qurastyryshylar: Z. Ahmetov, T. Shañbaev.-Almaty: Ana tili, 1998. – 384b. (in Kazakh)
- Arnauđov M. (1970). Psihologia literatyrnogo tvorcestva. – M.: Progres. – 654 s. (in Russian)
- Einshtein M. (1988). Na perekrestke obraza i ponatia (Esseizm v kul'tyre Novogo vremeni) // O literatyrnom razvitiı XIX-XX vekov. – Moskva: Sovetskii pisatel. – 348 s. (in Russian)
- Essay. Meyers neues Lexicon.-Mannheim; Leipzig; Wien; Zurich: Meyers Lexiconvertag, dritter Band, 1978. – 215-216 r.
- Lipina V.I. (1990). Formirovanie i puty razvitiia janra esse v angluskoı literature v XVII – XVIII vv: avtoref ... kand. filol. Nayka. – M. – 37 s. (in Russian)
- Monten M. Opyty. (1991). Izbrannye glavy // Per s fransyz. – M.: Pravda. – 656 s.
- Qabdolov Z. (2013). Shyğarmalary. T.5: Gylymi zertteýler. Ádebi-kórkem syn. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy. – 328 b. (in Kazakh)
- Qazaq romany: otkeni men bugini: Ujymdyq monografia. – Almaty, 2009. – 679 b. (in Kazakh)
- Raymond M. (1944). Alden. Essay The Encyclopedia Americana. In Thirty. – New York; Chicago: by Americana Corporation. – Vol.10. – 506-515 r.
- Sharip A. (2000). Qazaq poeziasy jane ulttyq ideia: monografia. – Almaty: Bilim. – 336 b. (in Kazakh)
- Sultan E. (2021). Modern Kazakh novels: the genre transformation. “Keruen” scientific journal. Volume 71. Number 2. – 55-61 r.
- Writing an essay. American Word pover Dictionary || edited by Ruth Urbom. – Oxford University press, 1998. – 232-233 r.
- Ysqaquly D. (1999). Esse // Syn janrlary: Oqu quraly. – Almaty: Sanat. – 237b. (in Kazakh)
- Ysqaq Q. (2013). Kelmes kúnder elesi: roman-esse. – Almaty: Ana tili baspasy JSHS. T. 1. – 456 bet. (in Kazakh)
- Ysqaq Q. (2004). Beý, aqsaq dúnie...: Hikayatlar. – Almaty: Raritet. – 288 b. (in Kazakh)
- III Qabdolov oqylary. Halyqaralyq gylymi-teorialyq konferensia materialdary. – Almaty: Qazaq universyteti, 2010. – 398 b. (in Kazakh)